

*Имангали Ө.,¹ Асылбекұлы С.²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

¹2 курс докторанты, orken.007@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор, serik051@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АЯСЫ МЕН ӨЗЕКТІ ИДЕЯЛАРЫ

Аңдатпа

Әңгіме оқуға ыңғайлы, шағын, жинақы прозаның шағын көлемді түрі. Қазіргі кезеңде том-том романдардан көрі прозаның шағын жанрына деген оқырманның сұранысы ерекше. Сондықтан қазіргі әңгімелерді зерттеу өзекті. Қазіргі әңгімелердің мазмұнын құрайтын өмірлік құбылыстар мен авторлық идеялардың ерекшеліктерін айқындау зерттеу мақаласының негізі мақсаты. Зерттеуге негізінен “Қазақ әдебиеті” газетінде соңғы бес жылда жарық көрген әңгімелер объекті ретінде алынды. Әңгімелерге негіз болған өмірлік жағдаяттар тақырыптық ерекшелігіне байланысты топтастырылды. Тақырыптарға деген авторлық көзқарастар жүйеленіп, айқындалды. Қаламгердің басты міндетінің бірі – ұлттық мүддені шығармасына арқау ету. Заманауи әңгімерелде қоғамдағы түрлі өзгерістердің, нарықтың, ғылыми прогрестің, саяси-әлуметтік оқиғалардың ұлттық құндылықтар жүйесімен қатынасындағы қарама-қайшылықтардың туындау себептеріне деген жазушылардың позициясы айқындалды. Кеңестік кезеңде цензураға ілінген немесе кеңес үкіметінің қазақ халқына жасаған қиянаттары жайындағы тарихи, экологиялық тақырыптарда жазылған синхронды әңгімелердегі өмір шындығын бейнелеудегі ерекшеліктерді саралау да зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі. Адамтану ғылымы тұрғынысынан әлеуметтік жайттардың адам психологиясына тигізген әсері мен мінез-құлықтық өзгерістер талданды. Қазіргі әңгімелердің тақырыптық аясы мен өзекті идеялары дискурстық талданды.

Түйін сөздер: әңгіме, мазмұн, тақырып, идея, авторлық концепция, поэтика, кейіпкер.

*Imangali O.,¹ Asylbekuly S.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

¹doctoral student of the 1st year, orken.007@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor, serik051@mail.ru

THEMATIC RANGE AND ACTUAL IDEAS OF MODERN KAZAKH STORIES

Abstract

The story is a small volume type of prose, compact, easy to read. At the present stage, the reader's interest in the small genre of prose, which can be seen in the Tom-Tom novels, is especially in demand. Therefore, the study of modern stories is relevant. The main purpose of the research article is to identify the features of life phenomena and author's ideas that make up the content of modern stories. The research was based on stories published in the newspaper "Kazakh Adebieti" over the past five years. The life situations that served as the basis for the conversations were grouped depending on the thematic specifics. The author's views on the topics are systematized and

defined. One of the main tasks of the writer is to introduce national interest to the work. The modern story reveals the writers' position on the causes of various changes in society, the market, scientific progress, contradictions in the correlation of political and social events with the system of national values. One of the main tasks of the research is also to differentiate the features of reflecting the reality of life in synchronous conversations that were censored or written on historical, environmental topics about the abuses of the Soviet government to the Kazakh people during the Soviet period. Behavioral changes and the influence of social aspects on human psychology are analyzed from the point of view of human science. The thematic sphere and actual ideas of modern conversations are discursively analyzed.

Keywords: story, content, theme, idea, author's concept, poetics, hero.

**Имангали О.,¹ Асылбекулы С.²*

^{1,2} *Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

¹ *докторант 2 курса, orken.007@mail.ru*

² *доктор филологических наук, профессор, serik051@mail.ru*

ТЕМАТИЧЕСКАЯ СФЕРА И АКТУАЛЬНЫЕ ИДЕИ СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗОВ

Аннотация

Рассказ представляет собой небольшой объемный вид прозы, компактный, удобный для чтения. На современном этапе особенно востребован читательский интерес к малому жанру прозы, который можно увидеть в том-томских романах. Поэтому изучение современных историй актуально. Выявление особенностей жизненных явлений и авторских идей, составляющих содержание современных рассказов, является основной целью исследовательской статьи. В основу исследования были взяты рассказы, опубликованные в газете "Қазақ әдебиеті" за последние пять лет. Жизненные ситуации, послужившие основой для бесед, группировались в зависимости от тематической специфики. Систематизированы и определены авторские взгляды на темы. Одна из главных задач писателя-приобщение к творчеству национального интереса. В современном рассказе выявлена позиция писателей к причинам возникновения различных изменений в обществе, рынка, научного прогресса, противоречий в соотношении политико-социальных событий с системой национальных ценностей. Одной из основных задач исследования является также дифференциация особенностей отражения действительности жизни в синхронных беседах, которые в советский период были подвергнуты цензуре или написаны на исторические, экологические темы о злоупотреблениях советского правительства казахскому народу. Проанализированы поведенческие изменения и влияние социальных аспектов на психологию человека с точки зрения науки о человеке. Дискурсивно проанализирована тематическая сфера и актуальные идеи современных бесед.

Ключевые слова: рассказ, содержание, тема, идея, авторская концепция, поэтика, герой.

Кіріспе. Көркем шығарма мазмұн мен форманың бірлігінен тұратыны әдебиеттану ғылымында дәлелденген жайт. Мазмұнды шығарманың тақырыбы мен идеялық бірлігі құрайтыны да белгілі. Тақырыптың таразысын топшылап, заманның, болмыстың, өмірдің шындығын көркем шындыққа айналдыруда өнер иесінің арқалайтын азабы да аз емес. Жазушы жаратылыстағы түйткілді мәселелер мен түйіні қиын өмірлік жағдаяттарды шығармаға арқау ететеді. Бұл – тақырып. З.Қабдолов : “Тақырып – жазушының шындық

болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобы” [1,76] деген анықтама береді. Идея - көркем туындыға арқау болған мәселеге деген авторлық концепция мен көркемдік шешім. Тақырып пен идеяны бір-бірінен жымдасқан, адамның жаны мен тәні сияқты егіз ұғым.

Әдістеме. Шығарманың жанрына байланысты тақырыптың ауқымы да әр келкі болады. Орта көлемді мен кең көлемді прозалық шығармаларға (повесть, роман) тақырып негізгі және жанама болып екіге бөлінеді. Негізгі тақырыпты мәңгілік тақырып деп атауға да болады. Оған : махаббат, отан, адам мен табиғат арасындағы байланыс сияқты тақырыптар жатады. Ал жанама тақырыптар негізгі тақырыпты айқындауға қызмет етеді. Мысалы, адам мен табиғат негізгі тақырып болса, қасқыр, ақ қайың, өзен, көл сияқты мотивтер жанама тақырыпқа негіз болады. Осындай тақырыптың өзіне тән ерекшеліктерін М.М.Гиршман теориялық деңгейде үш топқа біріктіреді:

1. Онтологиялық және антропологиялық жалпы ұғымдар.
2. Мәдени- тарихи құбылыстар.
3. Жеке адам өміріндегі жағдайлар. [2,9]

Әдебиеттанушы ғалым Қ. Жанұзақова шартты түрде тақырыпты екі топқа бөліп қарастырады : мәңгілік және тарихи тақырыптар [3,46]. Ал, біз тілге тиек еткелі отырған әңгіме жанрының тақырыптық ауқымының прозаның басқа жанырларынан айырмашылығы бар. Әңгімеде көп оқиға болмайды. Кейіпкерлері де санаулы. Уақыт мейілінше жинақталған. Осындай пішіндік ерекшеліктер, тақырыпты айқындайды. Демек, әңгіме тақырыбы көп жағдайда бір ғана негізгі тақырып болады. Зерттеу мақалада қазіргі әңгімелерді тақырыптық топтастыру арқылы дискурстық талдау жасалған. Себебі бір тақырыпқа жазылған бірнеше шығарманың болатыны заңдылық. Себебі өмір құбылысы біреу, оған деген субъективті көзқарастардың әр түрлі екендігі белгілі. Мысалы, соғыс тақырыбына арнап жазылған Ғ.Мүсіреповтың “Қазақ солдаты”, Ә. Нұрпейсовтың “Куляндия” , Т.Ахтанов “Шырағың сөнбесін” тағы да сол сияқты біршама романдар қазақ әдебиетінде бар. Мақалаға “Қазақ әдебиеті” газетінде соңғы бес жылда (2016-2021) жарық көрген әңгімелер зерттеу нысаны етіп алынды. Себебі әңгіме шағын прозалық жанр, әдеби процестегі дамуы осы баспасөз бетінде айқындалады.

Нәтижелер. Соңғы бес жылдықта әдеби процесте әңгіме жанрында үздіксіз қалам тербеп келе жатқан қазақ жазушыларының қатарына: Қ.Мұханбетқалиев, Т.Нұрмағанбетов, Н.Дәуітайұлы, М.Байғұт, С.Асылбекұлы, А.Алтай, Ж.Шаштайұлы, Б.Ыбырайым, Қ.Түменбай, А.Кемелбаева, М.Омарова, Е.Әбікенұлы, Қ.Тілеухан, А.Құрманбаева, А.Жұбанұлы, Е.Қаныкейұлы, Н.Кәкенов, Г.Нұрланқызы, Ә.Асқаров, Д.Ахметова, Ж.Кенесарин, Е.Айболсын, Д.Ахметұлы, М.Қалдыбек, Т.Әбдірайым, Т.Рыскелдиев, Ә.Байбол, С.Сағынтай, А.Мырзахмет, Е.Бақаш, Т.Әлжанұлы сияқты авторларды жатқызуға болады.

Бір тақырыпта жазылған бірнеше әңгіме қазіргі әдеби процесте де бар. Соны ескере отырып, қазіргі қазақ әңгімелеріне тақырыпты топтастыру жасадық:

1. Сүйіспеншілік немесе махаббат тақырыбы;
2. Нарық тақырыбы;
3. Экология тақырыбы;
4. Әке мен бала қайшылығы;
5. Тарихи тақырып;
6. Ана тақырыбы;
7. Детектив пен мистикалық тақырып.
8. Ұлттық құндылықтар тақырыбы;

Сүйіспеншілік және махаббат тақырыбы. Махаббат – мәңгілік тақырып. Ұлттық әдебиетіміздегі лиро-эпостық жырлардан бастап бүгінгі күнге дейін көптеген шығармалар

жазылды. Қазіргі әңгімелерде аталған тақырыпта жазылған шығармалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Класикалық шығармалардағы бір-бірі үшін құрбан болатын ғашықтар бүгінгі әңгімелерде жоқ. Жазушылардың көпшілігі бір-бірін құлай сүйген бейкүнә қыз бен жігіттің балғын сезімінен гөрі, отбасылы еркек немесе әйелдің басқа қыз немесе жігіт қушағында романтикалық шаттыққа бөленетін сюжетті тақырыпқа телиді. Бұл әдебиет үшін жаңалық емес, Л. Толстойдың “Анна Каренинасы”, Ә. Нұрпейісовтың “Ақбаласы” сияқты мысалдарды келтіре беруге болады. Бірақ, қазіргі әңгімелердің махаббат тақырыбына негізделген формалық ізденіс, өмір шындығынан туындаған әдеби сұранысқа керек жауап тәрізді. Себебі, қоғамдық формацияның ғасырлар бойы қалыптастырған моралдық ұстанымдар (мысалы, махаббатқа адалдық) қазіргі уақытта өзінің құндылығын жойып бара жатқаны байқалады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде соңғы кездері жаңадан үйленген отбасылардың үштен бірі ажырасады екен. Оған әр түрлі себептер бар. Соның бірі – көзге шөп салу. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазіргі әңгімелердегі махаббат тақырыбының адамдардың рухани азғындау мәселесін көтеруі де заңдылық.

Аталған тақырыпқа бойынша жазылған А. Жұбаныштың “Есіл жағасындағы екеу”[4] атты әңгімесі бар. Әңгімеде отбасылы жігітке ғашық болған қыздың дәрменсіздігі баяндалады. Жігітте қызды жақсы көреді, бірақ осы қыздың жолында отбасын тәркі ете алмайды. Шығарма қыздың жаралы күйдегі психологиялық бейнесімен аяқталады. Б. Сәрмек өзінің “Раушангүл жасаған күн”, “Жеріну”[5] атты әңгімелеріне сүйіспеншілік тақырыбын арқау етеді. “Раушангүл жасаған күн” атты әңгімеде уақыт бір түн, кеңістік үй іші. Кейіпкерлер екеу: Бірі отыздан асқан қыз, екіншісі сол қыздың сағына күткен ғашығы отбасылы азамат. Әңгімеде екі ғашықтың сағына кездесуі, сағынышын басқан соң, отбасылы еркектің кетуі, қайғылы күйде, солған гүлге қарап, дәрменсіз қалған қыздың ішкі жан дүниесіндегі өзінен-өзі жеріну оқиғалары баяндалады. “Жеріну” әңгімесінде шығармашылық иесінің бойында болатын фонатизм мәселесі махаббатпен ұштастырылады. Жаңадан өлең жазып жүрген жас қыз ақын итбайға кездесіп, етегінен ұстап ере барады. Итбай қызға иттігін жасайды. Қыздың өлеңдерін баспадан шығартып беріп, ақысына өз арам ойын іске асырады. Ал, бұл іс-әрекеттерге ақын қыз мүлдем қарсылықта көрсетпейді, себебі оның фонатизм түсінігінде ақынға не істесе де жарасады деген ой қалыптасқан. А. Құрманбаеваның “Мен сенбеуші едім”[6] атты әңгімесінде махаббат тақырыбын қозғайды. Тағдыр тәлкегімен үйленеміз деп жүрген екі ғашықтың басы қосылмай қалады. Қызды бөтен азамат алып қашып кетіп, қыз өз тағдыры үшін күреспей, дәстүрден аттамай, танымайтын адаммен шаңырақ көтереді. Бірақ, өз ғашығына деген сүйіспеншілігі бір сәтте жүрегінен өшкен емес. Арада ұзақ уақыт салып екеуі кездісоқ кездесіп қалады. Бірақ кездесу сәтінде әйелдің жүрегі жарылып қаза табады. Бұл әңгімедегі көркемдік шешімде әйел өз махаббатының құрбаны болады. Т. Рыскелдиев “Бәрі де – Ғалия үшін”[7] әңгімесінде Отбасы бар азаматтың Ғалия есімді қызға қашық болып, отбасын тәркі етеді. Өзінің іс-әрекетін дұрыс емес деп санаған Ғалия ғашығының бұрынғы жары Алиядан кешірім сұрауға барады. Алия Ғалияны өлтіреді. Әңгіме осындай сюжетке құрылған. Тақырыпқа негіз болған автор идеясы біреудің ошағын ойрандаған, өзінде оңбайды дегенге саяды. Т. Әбдірайым “Тағдыр сыйы”[8] атты әңгімесінде арқау болған махаббат тақырыбы. Бірақ, көркем шешім алдыңғы әңгімелерге барағанда басқаша. Бекен атты отбасылы жігіттің Алтынай атты қызға көңілі ауып, жүректері жарастық тауып үйленуді ойлайды. Оған бастабында Бекенің бәйбишесі Ақшабақ көнбейді. Бірақ оқиға соңында күйеуіне Алтынайды тоқал қылып өзі алып береді. Шығарма осындай поэтивті шешіммен аяқталады.

Махаббат тақырыбына жазылған әңгімелерді талдай отырып қоғамдағы бірнеше түйткілді мәселер бары байқалады. Аңғарымпаз жазушылар өмір құбылыстарының әлсіз тұстарының тамырын дөп басқан деген қорытынды жасауға болады. Әңгімедегі қыздардың көбі отыз жастан асқан. Бұл қоғамдағы отырып қалған қыздардың тағдырына деген жазушылардың жан ашырлығын байқатады. Оған қоса, отбасының ынтымағына сызат түссе,

түбі трагедия болады деген ойды да жазушылар әңгімелері арқылы жеткізуге талпыныс жасаған. Бұған қосымша гендірлік ерекшелігіне байланысты әйел жазушылардың махаббат тақырыбындағы әңгімелері көп жағдайда отбасылы азаматқа ғашық болған қыз кейіпкердің дәрменсіздік эстетикасымен ерекшеленіп, жалғыз қалып, психологиялық күйзеліске, қайғығы батуымен аяқталады. Бұл олардың әйел затының жанын ұғынудағы өзіндік ерекшеліктерінен көрініс береді. Ал, ер жазушылардың кейбіреуінде отбасылы азаматпен көңілі жарасақан қызды бақытты етуге талпыныс жасалса (“Тағдыр сыйы” әңгімесі), Кейбіреуінде мұндай тағдыр жолын таңдаған кейіпкерлер трагедияға душар болады (“Бәрі де – Ғалия үшін”).

Талқылау. Нарық - Сатушылар мен сатып алушылардың арасындағы ақша арқылы іске асатын қатынастардың жүйесі. Оның басты элементтеріне құн, баға, ақша, сауда, бәсеке, ұсыныс, сұраныс жатады. Адамзат өмірінің жетекшісі саласына айналған нарық тақырыбында жазушыларда қалам тербейді. Нарықтың адам өміріне, мінез-құлқына, рухани болмысын, ар мен ождан сияқты гуманистік категорияларға тигізетін ықпалы мен әсерін ой елегінен өткізіп, көркем шығарма туындату оқырман сұранысына деген жазушының бере жауабы болуы тиіс. Себебі, жазушының өзі өмір сүріп жатқан уақыттағы өмір шындығын көркем шындыққа айналдырып жазылған туындыларының құны әрқашанда жоғары болады. Жазушы Жеңіс Кенесарин өзінің “Алғашқы капитал” және “Гараж” [9] атты әңгімелеріне нақыр тақырыбын арқау еткен. “Алғашқы капитал” әңгімесіндегі уақыт қыс мезгілі, қаңтар айы. Ағыбай атты кейіпкердің дәулеті шалқыған. Бірақ қаңтар айында өзінен-өзі ішкілікке салынады. Оған себеп болған өзінің тапқан алғашқы капиталы. Осы дәулетті өміріне жеткізген сол алғашқы капиталы бұны материалдық тұрғыда байытқанымен, рухани тұрғыда қатты күйзелттіде. Оған себеп, бұрынғы жұмыс орны жабылып, жұмыссыз қалған кезінде, саяжайын сатып, алғашқы капиталын таппақшы болған ойы. Бірақ саяжай тым суық, қыста тұруға қолайсыз. Алдаусыратып үйін аңқау қазақ отбасына сатып жіберіп, тайып тұрады. Қолындағы ақшасын айналымға салып, аз жылда байып шыға келеді. Бірақ, сатқан саяжайына көшіп келген адамдар, сол қыста суықтан қатып қалған екен. Осы жайт, оның жан дүниесіне жара салып, Ағыбай күйзеліске түседі. Нарық элементтері : ақша, сату, құн, айналым, баға әңгімеде ұтымды пайдаланылған. Дана халқымыз “Сауда сақал сипағанша”, - дейді. Материалдық құндылықтарын көбейтуді мақсат еткен адамдардың адалдық, тазалық сияқты құндылықтардан алыстауына нарықтың тигізген әсерін жазушы аңғарған. Сол арқылы көркем шешім ретінде кейіпкердің жан азабын тартуы, оның бақытсыздығының дәлелі екенділін айтқысы келеді. Бұдан шығатын авторлық концепция: арамзалықпен жасалған пайдакүнемдік адамды бақытты ете алмайды.

Нұрша Кәкеновтың “АБ-077”[10] әңгімесінде репродуктивті орталыққа аталық ұрығын сататын Әбу атты кейіпкердің өмірі баяндалады. Нарықтың сату, пайда, ақша, құн сияқты белгілері әңгімеде қолданылған. Тың тақырыптық ізденіс. Жазушы алаңдатаны жәйт, Әбу сатқан ұрықтан пайда болған ұрпақтардың келешек тағдыры. Себебі, әкелерінің киі екенін білмеген балалардың үйленіп кету ықтималдығы бар. Бұл қауіпті мәселе. Жазушының қазіргі өмірдегі түйткілді мәселені тақырыпқа арқау етуі ізденімпаздығын аңғартады.

Нарық қоғамдағы материалды құндылықтардың бағасын анықтайды. Қала жағалаған қазақтардың басты мәселесінің бірі – баспана. Қалалардағы баспананың құны жоғары. Сондықтан әлеуметтік топтың бірсыпасы пәтер жалдап өмір сүреді. Бұл – нарық туындатқан әлеуметтік тақырып. Қазіргі қазақ әңгімелерінде жалдамалы үй мәселесіде жазылып жүр. Жаз жазушы Нұрахмет Есболдың “Тарақандар”[11] әңгімесінің көтерген тақырыбы – жалдамалы пәтер мәселесі. Әңгімедегі уақыт қазіргі кез. Кеңістік көп қабатты үй, ол үйде түгелдей жалданып тұратындар. Жас жазушы түгелдей үй жалдап тұратындардың көп қабатты үйінен пәтер жалдап тұра бастайды. Бірер күн өткен соң, пәтерінде тарақандар қаптай бастайды. Түрлі дәрілер қолданады, бірақ пайдасы аз. Соңында басқа жаққа көшіп тынады. Әңгіме композициясында қақтығысқа толы сюжеттік байланыс,

тартыс болмаса да, синтаксистік паралелизм арқылы тарақандар мен пәтер жалдап тұрған жалшылардың тағдырын байланыстыруы өте ұтымды шыққан. Жеңіс Кенесариннің “Гараж” әңгімесінің жазылуына да аталған әлеуметтік тақырып сабап болған. Әңгімедегі Нәдір атты кейіпкер (мұғалім) жазғы демалысын көңілді өткізу үшін отбасымен саяхаттауды жоспарлайды. Бірақ, Серік атты әріптес досы үш-төрт күнде жаңа пәтерге көшетіндігін, оған дейін заттарын Нәдірдің гаражына қоя тұруға өтініш жасайды. Досының өтінішін қабыл алады. Заттарын гаражына қойғызады. Аманатқа қианат жасамай заттарын күзетеді. Серік бала-шағасын алып, ауылға кетіп қалады. Сонда ала жаздай дем алады. Ал Нәдір Серіктің заттарын күзетіп жазын өткізеді. Аталған әңгімеде нарықтың адамды түрлі қулық-сұмдық пен өтірік айтуға итермелеуі, оның ақкөңіл, адал адамдарға тигізетін зиянын жазушы айқын аңғартады. Жас жазушы Ермек Қаныкейұлының “Балаларымды қарға-құзғынға шоқыта алмаймын”, “Ит жейде”, “Біздің Алматыда екі үйіміз бар”, “Ібіліс қой мынау!”[12] атты әңгімелеріне ортақ тақырып – пәтер мәселеі, ХХІ ғасырдағы қала өміріндегі көшпелі қазақ салты. Өткір ирониямен жымдасқан әңгімелерінде жазушы сандалып, сарсаң болған қазақтың жалдамалы бір үйден келесі бір үйге көшкен сергелдең өмірін сүреттейді.

Нарық тақырыбында жазылған әңгімелерді қорыта келе, нарықтың адамдардың рухани болмысына тигізетін зиянды әсерлері мен ұлт болашағына деген қауіптері жазушыларды алаңдататыны әңгімелердегі авторлық концепциялардан байқалады. Әлеуметтік қатынастарға нарық қызметінің тигізетін ықпалының қазақ ұлтының өміріне қиындықтар тудыратынын жазушылар көркем әңгімелерінде бейнелейді. Шынайы өмірдегі капиталистік қатынастардың көркем әңгімелерде тек жағымсыз жағынан жазылуы басым. Нарықтың қатынастардың позитивтік жағынан суреттелуі қазіргі әңгімелерге жетіспей тұрғаны байқалады.

Әке мен бала қайшылығы. Ұлттық әдебиетімізде әке мен бала қайшылығы арқылы өмір құбылыстары мен тұтастай дәуір шындығын суреттеудің озық үлгісін жазған М.Әуезов болды. “Абай жол” роман-эпопеясындағы Құнабай мен Абайдың тартысы туралы әдебиеттану ғылымында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Өмір шындығы бұрмаланған деген пікірге таптық идеологияның әсері болғаны сөзсіз[13,264]. Бірақ, көркемдік деталь ретінде ұтымды қолданылғанына ешкімде дау айтпас. Осы дәстүр қазіргі қазақ әңгімелерінде өз жалғасын табуда. Жазушы Асқар Алтайдың “Жылым”[14] әңгімесінде әке мен баланың қайшылығының жан шошырлық куминациядан көркем шешім табады. Жылым- ағынды өзендердің қыста бетіне мұз қатпайтын бөлігі. Әңгімедегі уақыт соғыс жылдары. Соғыстан қашып келген ұлының іс-әрекетіне ашуланған әкесі баласын жылымға апарып, атып өлтірмекші болады. Бірақ, баланың өзі жылымға секіріп, ағысқа батып, көзден ғайып болады. Өз баласының жерінген кейіпкердің шешімі өмірде сирек болса да кездесетін құбылыс. Баласының игерілмеген кеңістікке, өлімге өзі аттануы да әке мен бала арадағы тартысты шешудегі авторлық ойдың белгісі.

Экология тақырыбы. Экологиялық мәселелер - Адамның табиғатқа болмаса табиғаттың адамға тигізетін әсерінен туындайтын құбылыстар. Қазақстанның географиялық орналасуына, тарихи жағдайға, технологиялық прогреске байланысты Арал теңізі, Семей полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы сияқты әлемдік деңгейдегі экологиялық мәселелері бар.

Семей полигоны туралы әңгіме жазған жазшылардың бірі – Дәнеш Ахметұлы. Ядролық сынақтар өткізілуі тоқталсада, жарты ғасыр жарылыс салдарынан Семей топырағы, ауасы, суы түгелдей уланған. Оын пайдаланатын тіршілік иелерінің барлығы дердік зиян тартады. Осынау қолдан жасалған қасірет көптеген адамдардың өмірін күл етті. “Жарықтық, Абай ата”[15] әңгімесінде арман қуған жас жұбайлар, Айсерік пен Тоғжан, университет бітіре салып, Семейге Шыңғыстауға жолдаммен жұмысқа аттанады. Тоғжан денсаулығы сыр беріп, қайта-қайта түсік тастайды. Соңында дене бітімі сау емес баланы дүниеге әкеледі. Айсерек ішкілікке салынып қайтыс болады. Қырқына жетпей балада дүниеден өтеді. Қатты күйзелген Тоғжан қарғыс атқан жерді тастап, төркініне қайтады. Автор осы бір отбасының трагедиялық

хәлін баяндаған әңгіме арқылы қазақ жеріне жүргізілген кеңестік саясаттың сызаттары әлі де адамдардың өмірін күйретіп жатқанның айтқысы келеді.

Жазушы Қуандық Түменбай “Атомгүлдің арманы” [16] әңгімесінде Байқоңыр ғарыш айлағының адамдардың өміріне тигізген әсерін суреттейді. Атомгүлдің ата-анасы жұмыс бабына байланысты Байқоңырға қоныс аударады. Ол кезде Атомгүлдің дені сау болатын. Кейін Байқоңырдың ауасы кері әсер етіп, қыз біржолата мүгедектер арбасына таңылады. Кейін өзі сияқты Аймақ атты жігітпен кездеседі. Екеуі де биші. Армандары отбасын құру. Осы әңгімеде де ғылыми-технологиялық прогрестің адам денсаулығына тигілетін кері әсеріне деген жазушының жан айғайын байқауға болады.

Тарихи тақырып. Тарихи тақырыптардың ішінде нақты бір тақырыпқа бірнеше әңгіме жазған жазушы – Қуандық Түменбай. Жазушы өзінің “Адам”[17,43] және “Күз сыны”[17.189] әңгімелерінде ауған соғысын сөз етеді. Екі әңгіменің кейіпкерлері ауған жеріне жастай аттанып, қол аяғынан айырылып, мүгедек боп елге қайтады. Осы символикалық сюжет арқылы ауған соғысына қатысқан қазақ жастарының реалистік тұрғы да елге аман қайтсада, рухани жағынан азаптанатынын мүгедек кейіпкерлер бейнесі арқылы жеткізуімен авторлық концепция айқындалады. Жазушының трагедиялық халге тап болған кейіпкерлері арқылы заманға деген қарсылығы байқалады.

Ана тақырыбы. Қазақ әйелінің бойындағы адалдық, мейірбандық, тазалық, ақкөңілдік, жанашырлық сияқты ізгі қасиеттерді көркем туындыға арқау етпеген өнер иесі кемде-кем. Қазіргі көркем прозада әлемді тербеткен асыл жандардың үлгілі тағдырын әңгімеге арқау еткен біршама жазушылар бар. Әлібек Асқаровтың “Зағира апай” [18] атты деректі әңгімесінде кеңестік кезеңде қазақ балаларын оқытудан гөрі, мал бақтырып, қара жұмысшы етіп қалудың астыртын саясатына ашық қарсы шығып, қазақ баларының оқуы үшін жұмысынанда қуылатын мектеп директоры болып қызмет атқаратын қазақ әйелі Зағираның мағыналы құмыры суреттеледі. Осындай ел болашағы үшін еңбек еткен ұлт жанашырының өмірін көркем әңгімемен дәріптеу жазушының негізі мақсаты. Қанат Тілеухан “Менің шешелерім” [19] әңгімесінде бір ауылды аузына қаратып, ел билеген өз аналарының тағдырын баяндайды. Әңгімеде аналардың қиын-қыстау кезеңде мойымай, тағдырмен күресе білген ер мінездері мен мұқғалмаған жігерлерін насихаттайды. Дәметкен Ахметова “Баба Вера” [20] әңгімесінде орыс ұлтының анасы Вера апа арқылы орыс әйелінің бойындағы баларға деген аналық риасыз махаббатты баяндайды. Ауруханада баба Верамен бір палатада жатқан кейіпкерді баба Вераны іздеп кететін туыстарының аздығы, жиі ат ізін салмауы алаңдатады. Сондада баба Вера өз туғандарын жанынан жақсы көреді. Осындай мәселелер арқылы қартайғанда жалғыз қалатын қариялардың тағдырына деген жазушының жанашырлығы байқалады.

Детектив пен мистикалық тақырып. Қанағат Әбілқайрдың “Ескі құдық” [21] атты детективті әңгімесі бар. Бір қалада бір айдың ішінде үш қыз жоғалады. Бала ұрлығы бойынша бұрын сотталған екі азамат күдікке ілінеді. Бірақ қылмысты жасаған олар емес, мектептегі екі ер мұғалімі болып шығады және оларды ұстаған бұрын сотталған екі азаматтың бірі болып шығады. Әңгіменің шағын оқиғалық желісі осы. Қоғамдағы сүйінетін де, күйінетін де жайт көп. Соның бірі мұғалімнің оқушыға көз сүзуі. Аталған қоғамдық мәселені әңгімеге арқау еткен жазушы, өз заманының қырағы бақылаушысы.

Жазушы Мадина Омарова “Сәлем”, “Жұмбақ”, “Күзгі бір кеш”, “Жол үстінде” әңгімелерінде елес, рух бейнесіндегі образдарды қолданады. Елес - фантом, кумир, сиынушы заты. Фрэнсис Бэкон елес деп адамның танымдық мүмкіндерін шектейтін қате пікірлерді, ұғымдарды, біреулердің беделіне табынуды айтады [22]. “Жол үстінде” әңгімесінде Түнделетіп жаяу үйіне қайтып келе жатқан қызға серік болып, Алмабектің ұлы қосылады. Екеуі әңгімелеседі. Қызды үйіне дейін шығарып салады. Қызы күтіп отырған анасына Алмабектің ұлымен келгенін айтады. Анасы қатты шошиды. Себебі Алмабектің баласы баяғыда көлік апатынан қайтыс болған екен. Ертесіне Алмабектің дүниеден өткені туралы

қаралы хабар естиді. Әңгіменің қысқаша сюжеті осылай [22, 159-161]. Әңгімедегі Алмасбектің баласы аруақ-елес. Өлілер мекенінің адамының тірілер мекенінде өмір сүруі, кейбір адамдардың көзіне көрінуі, әңгімелесуі ел аузындағы көптеген әңгімелерде бар, әрі аруақтың мазалауы қатерлі деген наным-сенімде фольклордағы халықтық сананың жемісі. Сондықтан, “Жол үстінде” әңгімесінде көркем фольклорлық хикаяның мазмұндық бірлігі сақталған. Образ барынша нанымды етіп бейнелеу үшін, Алмасбектің ұлының тірі адамнан айырмасы барын автор былайша бейнелейді: “Жаурап кеттім. Оған жақындап, ақырын денемді тигізгенмін. Бойымды жылы толқын шайып өтті. Тағы ұмсына бердім де, бұл әрекетімнің әбестігін ұғып, тартынып қалдым. Төмен қадалып қолын сермеп тез келе жатқан ол еш нәрсені сезбеген сынайлы.” [22,159-161]. Асылбектің баласының қыздың денесін сезбеуі, оның игерілмеген кеңістік кейіпкері екенін айқындай түседі.

Ұлттық құндылықтар тақырыбы. Жазушы Шерхан Мұртаза өзінің “Тәуекел той” әңгімесінде ұлтымыздың жақсылыққа жайылатын дастарханы мен тойының осы күндегі дарақылыққа айналып бара жатқанын уытты тілімен өткір сынайды. Әңгімеге арқау болған тақырып - қазіргі қазақ өмірінің ажырамас бөлігі, туған-туыс, ет-жақынды шақырып, қуанышты бөлісетін той мәселесі. Жазушы өз халқының өміріндегі жарыса даңғаза той жасайтын, даңғойлық, ысырапшылдық, дүниеге деген бәсекелестіктің көшіне ілесем деп, шама жетпес ауыр жүкті арқалап, тыраштанып, титықтап, ақыры трагедиялық хәлге душар болатын ел арасындағы қарапайым адамдардың ойсыз әрекетінен опық жейтін тағдырын тақырыпқа теліген. Ел ішіндегі белең алып бара жатқан осынау ессіздікті ескерген жазушының бойындағы жіті бақылағыштық пен терең интуиция – тақырыптың өзекті екендігін таныған. Ел ішіндегі кесапат пен кеселдің, жара мен жыртықтың індетке айналуынан сақтану үшін жазушы көркем шығарма арқылы ақиқатты танытатын жол нұсқайды. Осы тұрғыда, жазушы заманның тамырын дәл басқан. Жазушы таңдаған тақырып – бүгін қазақ өмірінің бір кем дүниесі[23,234].

Еліміз тәуелсіздік алған тұстан бастап, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту, ұлтты сақтап қалатын қасиеттерді түгендеуге деген талпыныстар қоғамның әр саласында мемлекеттен бастап, жекелеген адамдардың да құлшыныстарымен толықталып жатты. Ал, шығармашылық тұлғалар ұлттық құндылықтарды өз шығармаларына негізгі тақырып етіп, еркін, цензурасыз қалам тербей бастады. Ұлттық мүддені қорғаудағы негізгі құндылықтың бірі – тіл. Ана тілдің мемлекеттік тіл бола тұра, қоғамның барлық саласында қызмет атқара алмауы, оған деген құрметтің аздығы айтыла-айтыла жауыр болған негізгі түйткілді тақырыптың бірі. Осы тақырыпқа ұтымды әңгіме жазған жазушылардың бірі -Т. Шапай. Автор өзінің “Қазақпен саудаласу” [24,169] әңгімесінде тілдің жоғын жоқтайды. Әңгімедегі уақыт қазіргі кез. Кеңістік қала өмірі. Әңгіменің шағын фабуласы ұлт жанды кейіпкер қазақ көршісінің баласының орыс тілінде сөйлеп, қазақ тілін білмеуіне қатты қынжылады. Көршісі. баласын қазақша оқытуға көндіруге барын салады, тіпті ақшасын өзі төлеп, ақылы курс оқытқысың келетін ниетінде білдіреді. Бірақ көрші көнбейді, ақыры үйін сатып басқа жаққа көшіп кетеді. Осы шағын әңгімеде мемлекеттік тілге деген реалистік көзқарас айқындалады. Көркем шешім қазақ тіліне деген орыс тілді ойлайтын адамдардың жатсынуы, қазақ тілінің дәрменсіз халімен айшықталады.

Несіпбек Дәуітайұлы “Айғыркісі” әңгімесінде халықтың өткені мен бүгінін шендестіре баяндай отырып, халықтық сананың, ұлттық болмыстың ұмытылып бара жатқан тұстарын оқырманның ойына салуды мақсат етеді [25,165]. Жануар мен адам арасындағы тілсіз байланысты суреттеу арқылы ұлттық танымдағы кие ұғымын айшықтайды. Тартымды сюжет пен қиюласқан композиция арқылы мазмұнға жаңа пішін дарытады. Кедей бай болсам, бай құдай болсам дейтін көзқарастардан адамдардың оқып жеп қалатын тұстары барын меңзейді.

Қорытынды. Қазіргі қазақ әңгімелерінің тақырыптық ауқымы біршама күрделі. Оған қоғамдық өгерістер мен өмір құбылыстарының алуандылығы себеп. Әр түрлі әлеуметтік, саяси, танымдық, тәрбиелік, тарихи, психологиялық өмір құбылыстарындағы адам атты

жаратылыстың өзіндік позициясы мен түйсік, қабылдау, мінез-құлықтық ерекшелік сияқты компанеттердің ерекшеліктерін әңгіме арқылы көркем бейнелеп, тартымды сюжетке дарыта алған жазушылар бұл күнде жоқ емес. Бұндай жазушылар барынша байқампаз және аңғарғыш.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Санат,2007.-360 бет.
2. Гришман М.М. Избранные статьи. Художественная целостность. Ритм. Стиль. Диалогическое мышление.- Донецк, 1996. –С.11.
3. Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: “Мерей” баспасы, 2015. -276 бет.
4. <https://qazaqadebieti.kz/5957/esil-zha-asynda-y-ekeu>
5. <https://qazaqadebieti.kz/2375/eki-gime>
6. <https://qazaqadebieti.kz/4345/men-senbeushi-edim>
7. <https://qazaqadebieti.kz/6588/b-ri-de-aliya-shin>
8. <https://qazaqadebieti.kz/6703/ta-dyr-syju>
9. <https://qazaqadebieti.kz/5684/5684>
10. <https://qazaqadebieti.kz/5868/1-ab-077>
11. <https://qazaqadebieti.kz/8619/tara-andar>
12. <https://qazaqadebieti.kz/2489/b-lar-biz-emespiz>
13. Майтанов Б.Қ. Мұхтар әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер. – Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2009.- 544 бет.
14. <https://qazaqadebieti.kz/2696/zhylym>
15. <https://qazaqadebieti.kz/6960/zhary-ty-abaj-ata>
16. <https://qazaqadebieti.kz/1442/m-ly-gimeler>
17. Түменбаев Қ. Көптомдық. 1-том. Әңгімелер мен хикаяттар / - Алматы: “Айғаным” баспа үйі, 2014 ж.
18. <https://qazaqadebieti.kz/5146/za-ira-apaj>
19. <https://qazaqadebieti.kz/2846/meni-sheshelerim>
20. <https://qazaqadebieti.kz/5225/baba-vera>
21. <https://qazaqadebieti.kz/27672/ana-at-bil-ajyr-eski-kudyk>
22. Қадір түні: Проза. Мадина Омарова. – Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2012. – 320 бет
23. Абай атындағы ҚаҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ. “Филология” сериясы, № 4 (74), 2020 ж. 483 б.
24. Қазақтың жаны. Қазіргі мінездер һәм әзелгі әңгімелер. Астана: Елорда, 2001. - 284 бет.
25. Дәуітай Н. Кісі иесі: повестер мен әңгімеле.-Астана: Фолиант, 2018.-240 бет.

References:

1. Kabdolov Z. Soz өneri.- Almaty: Sanat,2007.-360 bet.
2. Grishman M.M. Izbrannye stati. Khudozhestvennaia tselostnost. Ritm.Stil.Diialogicheskoe myshdenie.- Donetsk, 1996. –S.11.
3. Zhanuzakkova K.T. Adebiettanuға kirispe. Filologiiа fakultetteri studentterine арnalған oku kuraly.-Almaty: “Merei” baspasy, 2015. -276 bet.
4. <https://qazaqadebieti.kz/5957/esil-zha-asynda-y-ekeu>
5. <https://qazaqadebieti.kz/2375/eki-gime>
6. <https://qazaqadebieti.kz/4345/men-senbeushi-edim>
7. <https://qazaqadebieti.kz/6588/b-ri-de-aliya-shin>
8. <https://qazaqadebieti.kz/6703/ta-dyr-syju>

9. <https://qazaqadebieti.kz/5684/5684>
10. <https://qazaqadebieti.kz/5868/1-ab-077>
11. <https://qazaqadebieti.kz/8619/tara-andar>
12. <https://qazaqadebieti.kz/2489/b-lar-biz-emespiz>
13. Maitanov B.Қ. *Мұхтар әуезов және ұлттық әдеби үрдистер: зерттеулер, esseler.* – Алматы: “Zhibek zholy” баспа үйі, 2009.- 544 бет.
14. <https://qazaqadebieti.kz/2696/zhylym>
15. <https://qazaqadebieti.kz/6960/zhary-ty-abaj-ata>
16. <https://qazaqadebieti.kz/1442/m-ly-gimeler>
17. Түменбаев Қ. *Көптомдық. 1-том. Әңгімелер мен khikaiattar / - Алматы: “Aizanyam” баспа үйі, 2014 ж.*
18. <https://qazaqadebieti.kz/5146/za-ira-apaj>
19. <https://qazaqadebieti.kz/2846/meni-sheshelerim>
20. <https://qazaqadebieti.kz/5225/baba-vera>
21. <https://qazaqadebieti.kz/27672/ana-at-bil-ajyr-eski-kudyk>
22. 18. Қадир тыни: *Proza. Madina Omarova.* – Алматы: “Zhalyн baspasy” ZhShS, 2012. – 320 бет.
23. Abai atyndazy KazUPU-dyn *Khabarshysy “Filologiiа” seriiasy, № 4 (74), 2020zh.* -483 b.
24. *Kazaktyn zhany. Kazirgi minezder ham azelgi angimeler.* Astana: Elorda, 2001.284 бет.
25. Daultai N. *Kisi iesi: povester men angimele.*-Astana: Foliant, 2018.-240 бет.

MPHTI 16.01.08

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7804.10>

*Tazhibaeva Sh.A.,¹ Zhiembayeva A.²

¹Kazakh National Research Technical University After K.I.Satbayev,
Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor, tazhibaeva_shinar@mail.ru

¹1st year master student, aselya_322@mail.ru

SPECIFICS CHRONOTOPE IN THE MODERN PROSE OF KAZAKHSTAN

Abstract

The chronotope issue has been relevant in literary criticism for several decades. Furthermore, Plato argued that the essence of art is an imitation of real life. Aristotle pointed out that art creates its own world as something possible or probable and thereby reveals the essential properties of the real world. This article attempts to summarize the main research results on the problem of spatial images and the chronotope as a whole and thereby determine what is the specificity of the image of space, what is its role in a particular work. The purpose of the study is to establish the role of the chronotope in the recreation of the artistic image of Kazakhstan. In modern prose, chronotopic parameters are traced, the topography and symbolism of urban space are examined and its essential characteristics are given. In our opinion, the chronotope is an important modeling tool of literature. The appeal to this problem is due to the fact that the organization of the chronotope in the modern literature of Kazakhstan has become much more complicated in comparison with the traditional space-time paradigms.

Keywords: chronotope, space, time, prose, Kazakhstan, artistic world.